

Педагог-психолог

Лауазымдық міндеттері: оқушылардың психикалық және әлеуметтік әлауқатын сақтауға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асырады. Өртүрлі профильдер мен мақсаттарға психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді. Педагогикалық ұжымды білім алушылардың жеке және әлеуметтік даму проблемаларын шешуге бағдарлау мақсатында психологиялық-педагогикалық қорытындылар жүргізеді және талдайды. Оқушының жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметін дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады. Шығармашылық дарынды балаларға психологиялық қолдау көрсетеді, олардың дамуына ықпал етеді. Әлеуметтік бейімсіздіктің пайда болуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, психологиялық көмек (психокоррекциялық, оңалту және консультациялық) көрсету жөнінде шаралар қабылдайды. Педагогтерге психологияны практикалық қолдану мәселелері бойынша кеңес береді, педагогтардың, ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, " Білім туралы ", "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы ", " Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы ", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, педагогика және психология негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: "Психология" мамандығы бойынша жоғары білім немесе "Практикалық психология"мамандығы бойынша арнайы факультетте қосымша білімі бар жоғары медициналық, педагогикалық білім